



**«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ
НАО «Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова»**

**«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ-та сыбайлас
жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын
ұйымдастыру бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
по организации института
антикоррупционного комплаенса
в НАО «Карагандинский университет
имени академика Е.А. Букетова»**

**Қарағанды
2022**

Құрастырушы

В. Олейник — «Академик Е. А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметінің басшысы

«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар = Методические рекомендации по организации института антикоррупционного комплаенса в НАО «Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова» / Құраст. В. Олейник. — Қарағанды: «Акад. Е.А.Бөкетов ат. Қарағанды ун-ті» КЕАҚ баспасы, 2022. — 21 бет. — Қазақша – орысша.

© «Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ, 2022

«БЕКІТЕМІН»



«Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті» КЕАҚ
Басқарма Төрағасы – Ректоры

Н.О. Дулатбеков

2022 жылғы «29» желтоқсан

**«Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті»
КЕАҚ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс
институтын ұйымдастыру бойынша
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ-та (бұдан әрі — Университет, Қоғам, «ҚарУ») сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс институтын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенсті жүзеге асыруға жәрдемдесу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда бірыңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында әзірленді.

2. Әдістемелік ұсынымдар Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына, ішкі (жергілікті) нормативтік актілерге сәйкес әзірленді, халықаралық тәжірибені ескереді және ұсынымдық сипатта болады.

3. Осы Әдістемелік ұсынымдарда ұғымдар келесі мағынада қолданылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс — тиісті ұйымның, оның қызметкерлерінің және білім алушылардың Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын және Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасы ратификациялаған, Қоғам ұстануға міндетті халықаралық шарттарда көзделген өзге де сыбайлас жемқорлыққа қарсы реттеушілік талаптарды, сондай-ақ Қоғамның көрсетілген талаптарды орындау жөніндегі саясат пен

рәсімді белгілейтін ішкі (жергілікті) нормативтік актілерін, құжаттарын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функция;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілері — мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде құрылтайшысы, қатысушысы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар, сондай-ақ еншілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалар;

3) мүдделер қақтығысы — жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

4) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық — бұл үшін заңда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік); сыбайлас жемқорлық тәуекелі — сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

5) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу — сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

4. Осы Әдістемелік ұсынымдарда қолданылатын, бірақ ашылмаған анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасында, Қоғамның Жарғысында және өзге де ішкі (жергілікті) актілерінде, құжаттарында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

2-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мақсаттары, міндеттері мен қағидаттары

5. Квazимемлекеттік сектор субъектілерінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына және квазимемлекеттік сектор субъектісінің (бұдан әрі — сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет) ішкі құжаттарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелер айқындалады.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет атқарушы органға, квазимемлекеттік сектордың лауазымды тұлғаларына тәуелсіз өз өкілеттіктерін жүзеге асырады, Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің құзыреті, ұйымдастырылуы және қызмет тәртібі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы» ережемен, лауазымдық нұсқаулықтармен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатпен және Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартымен, Құрылымдық бөлімшелер басшыларының, факультет декандарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметпен өзара іс-қимылы туралы регламентпен және квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де ішкі (жергілікті) актілерімен айқындалады.

8. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет жұмысының негізгі мақсаты квазимемлекеттік сектордың тиісті ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің міндеттері:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеушілік талаптар мен ең озық халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына (бұдан әрі — Заң) сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау, бағалау және қайта бағалау;

- Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенсті жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алу ұсынылады:

- квазимемлекеттік сектор субъектісі басшылығының сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс тиімділігіне мүдделілігі;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызметтің міндеттерін орындау үшін қажетті өкілеттіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалаудың жиілігі;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызмет жұмысының ақпараттық ашықтығы;

- квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенсті жетілдіру.

3-тарау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызмет жұмысын ұйымдастыру тәртібі

11. Квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшесіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс функцияларын жүктеу туралы шешімді квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысы немесе алқалы атқарушы органы (бар болса) қабылдайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызмет туралы тиісті акт квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында орналастырылады және ұйымның барлық қызметкерлерінің назарына жеткізіледі.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенсті жүзеге асыруға тартылған квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерле-

рінің санын ұйымның штат санына қарай және ұйымның барлық бөлімшелерінде, оның ішінде еншілес ұйымдарда, филиалдарда, өкілдіктерде және квазимемлекеттік сектор субъектісінің өзге де оқшауланған бөлімшелерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функциялары мен міндеттерін тиімді орындау үшін қажетті мөлшерде айқындау қажет.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің алқалы органға (бар болса) немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы нормаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыруға уәкілетті өзге тұлғаға есептілігін қамтамасыз ету ұсынылады.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметкерінің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі оның лауазымдық нұсқаулығында не қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын өзге де құжаттарда айқындалуы тиіс.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай функцияларды жүктеу ұсынылады:

- квазимемлекеттік сектор субъектісінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ішкі құжаттарды әзірлеу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласындағы стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектендіру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізу;
- мүдделер қақтығысын анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдау;
- Заңға сәйкес мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғалар санатына жататын квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтауына мониторинг жүргізу;
- корпоративтік әдеп құндылықтарды дамыту;
- квазимемлекеттік сектор субъектісі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік әдеп кодексін (бар болса) сақтауын бақылау;

• Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 12 бұйрығына; Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2020 жылғы 28 қаңтардағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 22 бұйрығына; Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» № 161 бұйрығына; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2021 жылғы 10 желтоқсандағы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында академиялық адалдық қағидаларын енгізу жөніндегі әдістемелік басшылықты бекіту туралы» № 587 бұйрығына; осы Әдістемелік ұсынымдарға; басқа да нормативтік актілерге, құжаттарға сәйкес азаматтық және бизнес-қоғамдастық институттарының өкілдерін тарта отырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу;

• сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері туралы ақпаратты жария ашуды қамтамасыз ету;

• сыбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шағымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізу және/немесе оларға қатысу;

• квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жөніндегі жұмысты үйлестіру;

• квазимемлекеттік сектор субъектісінің қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға жәрдем көрсету;

• сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг жүргізу және талдау жасау;

- квазимемлекеттік сектор субъектісі жасайтын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сатып алу туралы шарттарға шарт тараптарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағида-даттарын міндетті түрде сақтауын көздейтін ережелерді енгізуді қамтамасыз ету.

16. Жүктелген міндеттерді іске асыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке мынадай құқықтар мен міндеттерді ұсыну ұсынылады:

1) ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген бекітілген рәсімдер шеңберінде квазимемлекеттік сектор субъектісінің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұрату және алу;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді квазимемлекеттік сектор субъектісі басшысының немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге де тұлғаның (органның) қарауына шығаруға бастамашылық жасау;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар немесе Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылықтар туралы келіп түсетін хабарламалар бойынша қызметтік тексерулер жүргізуге бастамашылық жасау;

4) өз құзыреті шегінде мемлекеттік бағдарламалардың, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуге және оларды іске асыруға қатысу;

5) өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша жиналыстар ұйымдастыру және өткізу;

6) квазимемлекеттік сектор субъектісі және оның үлестес тұлғалары туралы ақпараттың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік ақпараттың құпиялылығын сақтау;

7) сыбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, корпоративтік әдеп кодексін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша өзге де ішкі саясат пен рәсімдерді бұзу бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке жүгінген адамдардың құпиялылығын қамтамасыз ету;

8) квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысын және/немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін өзге де тұлғаны (органды) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы бұзудың орын алуына немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар ету;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыру.

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке азаматтар тиісті квазимемлекеттік сектор субъектінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың орын алуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы ақпаратты хабарлай алатын немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізе алатын ақпараттандыру арналарын (мысалы, сенім телефоны немесе «жедел желі») құру ұсынылады.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің қызметкері мүдделер қақтығысына (өткізілетін іс-шара шеңберінде қаржылық, мүліктік, туыстық немесе қандай да бір өзге де мүдделіліктің болуы) әкеп соғуы мүмкін іс-шараларға (тексерулерге, қызметтік тергеулерге және т.б.) қатыспауы тиіс.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет ұйым қызметкерлерін жұмысқа қабылдау сәтінен бастап, басқа лауазымға тағайындау кезінде, сондай-ақ біліктілігін арттыру кезінде (жылына кемінде 1 рет) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарына жүйелі оқытуды қамтамасыз етуі тиіс.

20. Оқыту нысандарын жүргізу әдістерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет дербес анықтайды (дәрістер, семинарлар, тренингтер).

21. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасасу тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектісінің ішкі құжаттарында белгіленеді.

22. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері әдістемелік және ақпараттық қолдау көрсетеді.

23. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметке сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралар бойынша келесідей есеп беру ұсынылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет есеп беретін тұлғаға (органға), сондай-ақ квазимемлекеттік сектор субъектісінің басшысына тоқсан сайын есеп жолдау;

2) жыл сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-шы күніне квазимемлекеттік сектор субъектісінің ресми интернет-ресурсында есепті орналастыру.

24. Квазимемлекеттік сектор субъектісіне өзінің контрагенттерін, іскери серіктестерін, азаматтық қоғам институттарын сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралар туралы тұрақты түрде хабардар ету ұсынылады.